

Искакова, А.

Мұражайдың бүгінгі тынысы / Айнагул Искакова // Жастар әлемі. - 2006. - 20 мамыр (№6)

Академик Е.А.Бөкетов мемориалдық мұражайы 1992 жылдың 19 маусымында ашылған болатын. Содан бері академиктің інісі Қамзабай Арыстанұлы басқаруымен мұражай үзбей жұмыс істеп тұр. Келген адам халықтың қалаулы азаматы, ғалым, ақын, аудармашы, публицист Евней Бөкетовтің саналы өмірінен сыр шертетін дүниелермен таныса алады.

Бірінші залдан болашақ академиктің туған жерін, үй-ішін және әр жастағы фотосуреттерін кездестіреміз. Сонымен қатар 1960 жылға дейінгі Е.А.Бөкетовтің ҚазССР ҒА президенті Қ.И.Сәтпаев ұсынған, өзі 12 жыл қызмет еткен химия-металлургия институтының директоры болған кездегі материалдары сақталған. Екінші залды аралап жүріп химия саласы мен халкоген және халкогенидтер технологиясының қазақстандық мектебін ашушы ғалымның ХМИ-дың басшысы болған кездегі өмірмен таныса аламыз. ҚарМУ ректорының бөлмесі үшінші залдан орын тепкен. Мұражайға келушілер асыл азаматтың жазушылық, аудармашылық өнерімен танысып, сондай-ақ студенттік шақтағы досы Төлеби Ахметбековтың гипстен жасаған бюстін көре алады. Төртінші зал - ректордың сол кездегі демалыс бөлмесі. Бесінші бөлмеде мерейтой даталарына арналған құжаттар мен материалдар, замандастарының естелік-кітаптары, аспиранттар мен ғылым кандидаттарының диссертациялары және академик Е.А.Бөкетовтің туғанына 80 жыл толуына орай дайындалған арнайы медаль, дипломдар, Қарағанды, Павлодар қалаларында өткен халықаралық ғылыми-практикалық конференция материалдары жинақталған. Алтыншы зал - конференц-зал. Мұнда Е.А.Бөкетовтің үлкен портреті орналасқан. Алғашқы ректордың басшылығымен жасалған университет қалашығының, құрылысшылар сыйлығы, яғни аз уақыт ішінде салынып біткен білім мен ғылым ордасының макеті қойылған. Жыл сайын мұражайды көптеген адамдар тамашалайды. Олар өздерінің мұражайға деген ыстық ықыласын білдіріп жатады. Е.А.Бөкетовтің мемориалдық мұражайы ҚарМУ-дің бұрынғы бас ғимаратында, мына мекен-жайда орналасқан: Гоголь көшесі, 38. Мұражайды көрем деушілерге әрқашан есік ашық.